



010000, Астана қаласы, Министрліктер Үйі  
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 11-кіреберіс  
тел.: (7172) 74-24-28, 74-24-16

010000, город Астана, Дом министерства  
Проспект Мәңгілік Ел, 8, 11 подъезд  
тел.: (7172) 74-24-28, 74-24-16

№ \_\_\_\_\_

## Балаларды ерте дамыту институты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 15 тамыздағы мұғалімдердің республикалық тамыз конференциясының қорытындысында еңбекқорлық идеясын іске асыруға баса назар аудара отырып, білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын жандандыру бойынша берген хаттамалық тапсырмасының 1.5-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 24 қарашадағы №265 бұйрығымен **2026 жылғы қаңтар мен желтоқсан аралығында** Қазақстан Республикасының 100 мектепке дейінгі ұйымында «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасы (*бұдан әрі – Пилоттық жоба*) іске асырылатын болады.

Аталған бұйрық аясында Институт осы Пилоттық жобаға қатысушы 100 мектепке дейінгі ұйымның қызметін әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз етеді, Пилоттық жобаны іске асыру бойынша Әдістемелік орталықтардың (кабинеттердің) қызметін үйлестіреді, Пилоттық жобаны іске асыру мониторингін ұйымдастырады және Пилоттық жобаның іске асырылу барысы туралы Министрлікті тоқсан сайын хабардар етуі қажет.

Сондай-ақ, Институт Білім басқармаларының, Әдістемелік орталықтардың (кабинеттердің), мектепке дейінгі ұйымдардың осы № 265 бұйрықтың 1-қосымшасымен бекітілген Пилоттық жобаға қатысушылардың іс-әрекеті мен олардың өзара іс-қимыл тәртібінде көрсетілген функцияларды өз құзыреті шегінде сапалы және уақытылы орындауларын бақылауда ұстауды сұраймыз.

Осы орайда, Министрліктің 2025 жылғы 24 қарашадағы №265 бұйрығын, Пилоттық жобаға қатысушы 100 мектепке дейінгі ұйымның тізбесін және Пилоттық жобаны іске асыру алгоритмін жұмыс барысында пайдалану үшін жолдайды.

Қосымша: 18 парақ.

Министрліктің 2025 ж. 24 қарашадағы № 265 бұйрығының мемлекеттік және орыс тіліндегі нұсқасы (4 н.);

1- қосымшамен бекітілген Пилоттық жобаны іске асыру алгоритмі (6 н.);

2- қосымшамен бекітілген Пилоттық жобаны іске асыратын 100 мектепке дейінгі ұйымның тізбесі (8 н.).

**Мектепке дейінгі білім беру  
департаментінің директоры**  
**Адамова**

**М.**

# Квитанция о подписании

## Основная информация

DOC ID	KZL5IX1202500001079913BD1A
Тип документа	Входящее письмо
Тема	Приказ и руководство по реализации пилотного проекта «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу»
Статус	На исполнении
Рег. Номер:	1083
Рег. Дата:	26.11.2025
Дополнительные данные	Исх. дата: 25.11.2025 Исх. номер: 04-1-04-3/8013-И
Количество страниц	33
Подписи	2

## Информация об отправителе

Отправитель: Министерство просвещения Республики Казахстан

## Информация о получателях

Получатель 1: Республиканское государственное учреждение "Институт раннего развития детей" Министерства просвещения Республики Казахстан, 120640001053, Казахстан

## Информация о подписантах

Подписал(а)	АДАМОВА МАНАРА
Компания	Министерство просвещения Республики Казахстан
Тип ЭЦП	Удостоверяющий центр государственных органов Республики Казахстан
Подпись	MIIR3gYJ...Rjk+h2nul
Дата подписания	25.11.2025 11:47
Подписал(а)	МАРДАНОВА ЖАНАР
Компания	Министерство просвещения Республики Казахстан
Тип ЭЦП	Удостоверяющий центр государственных органов Республики Казахстан
Подпись	MIISVQYJ...fFM1v+OI=
Дата подписания	25.11.2025 12:01

DOC ID KZL5IX1202500001079913BD1A

